



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 желтоқсан N 1595.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды өзара тану туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің

арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы

құжаттарды өзара тану туралы

КЕЛІСІМ*

2002 жылғы 11 қаңтардан бастап күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 4, 39-құжат

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі,

1993 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достық қарым-қатынас пен ынтымақтастық туралы шарттың негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып,

білім мен ғылым саласындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және тереңдетуге ықпал етуге тілек білдіре отырып,

білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды өзара тану нормаларын

орнықтыру мақсатымен,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптардың күндізгі оқу нысанындағы оқу орындары берген мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды, Қазақстан Республикасында және Түрікменстанда берілген ғылыми дәрежелер беру мен ғылыми атақтар беру туралы құжаттарды танудың тәртібін белгілейді.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес кейін жоғары деңгейде білім алуды жалғастырған кезде Қазақстан Республикасында берілген мемлекеттік үлгідегі жалпы орта білім туралы құжаттарды және Түрікменстанда берілген мемлекеттік үлгідегі жалпы орта білім туралы құжаттарды Тараптар өзара таниды.

3-бап

Қазақстан Республикасында кәсіптік-техникалық оқу орындарын бітіргені туралы дипломдарды және Түрікменстанда орта буын мамандары мен жұмысшы кадрларын даярлау жөніндегі кәсіптік оқу орындарын бітіргені туралы дипломдар мен куәліктерді оқуды жалғастырғанда, сондай-ақ берілген біліктілікке сәйкес жұмысқа тұрған кезде, егер олардағы мамандық бойынша оқудың ұзақтығы мен мазмұны салыстырмалы болса , Тараптар өзара таниды.

4-бап

Қазақстан Тарабы тиісті оқу мерзімімен Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындары берген "бакалавр", "маман" және "магистр" біліктілігін беру туралы дипломдарына сәйкес келетін және оқуды жалғастыруға, сондай-ақ берілген біліктілікке сәйкес жұмысқа тұрған кезде құқық беретін, егер олардағы оқу мерзімі мен білім беру мазмұны мамандық бойынша салыстырмалы болса, Түрікменстанда берілген тиісті дипломдарды таниды.

5-бап

Түрікмен Тарабы Түрікменстан берген дипломдарға сәйкес келетін және

окуды жалғастыруға, сондай-ақ берілген біліктілікке сәйкес жұмысқа тұрған кезде құқық беретін, егер олардағы оқу мерзімі мен білім беру мазмұны мамандық бойынша салыстырмалы болса, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары берген "бакалавр", "маман" және "магистр" біліктілігін беру туралы дипломдарды таниды.

6-бап

Жоғарғы білім туралы құжаттарды өз мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес Тараптар таниды.

7-бап

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органды берген ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелерінің берілгендерінің туралы дипломдарды және Түрікменстанның уәкілетті мемлекеттік органды берген ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелерінің берілгендерінің туралы дипломдарды өздерінің мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптар

өзара таниды.

8-бап

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органды берген доцент және профессор ғылыми атақтарының берілгендерінің туралы аттестаттарды және Түрікменстанның уәкілетті мемлекеттік органды берген доцент және профессор ғылыми атақтарының берілгендерінің туралы аттестаттарды өздерінің мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар өзара таниды.

9-бап

Осы Келісім ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:

а) Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

министрлігі;

6) Түрікмен Тарабынан - Түрікменстанның Білім министрлігі мен Түрікменстан Президенті жаңындағы Фылым және техника жөніндегі жоғарғы кеңес болып табылады

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары мен қызметтері өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы дер кезінде хабардар етілетін болады.

10-бап

Осы Келісімді іске асыру үшін Тараптар білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы мемлекеттік құжаттардың үлгілерін, оларды ресімдеу мен берудің ережелері мен рәсімдерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Келісім қолданылатын оқу орындарының тізімін

бір-біріне береді.

11-бап

Тараптар осы Келісімді жүзеге асыру мәселелері бойынша консультациялар алысады, өз мемлекеттерінің білім беру жүйелеріндегі өзгерістер, білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттардың атаулары мен оларды беру өлшемдері туралы бір-бірін хабардар етеді, сондай-ақ қажетті жағдайларда тиісті ресми түсініктемелерді бір-біріне жіберетін болады.

12-бап

Осы Келісім ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты дауларды Тараптар консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

13-бап

Тараптардың өзара келісіу бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

14-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап занды күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап он екі ай өткенге дейін күшінде болады.

Астана қаласында 2001 жылғы 5 шілдеде әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасының

Түрікменстан

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.